

**«6D011400/8D01601 – Тарих» бағыты бойынша  
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
 Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызының  
 «Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы  
 цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері»  
 тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
 Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызының «Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабына және Қазақстан Республикасы үкіметінің 27 желтоқсан 2019 жылы №988 қаулысымен бекітілген.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен	Диссертация жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сай.

		<p>нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде тарихты оқыту әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызының диссертациялық зерттеу аясындағы өзіндік жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысы онда қойылған зерттеу мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда алынған нәтижелердің ішкі бірлігі бар, аяқталған жұмыс болып табылады. Барлық ақпараттар дербес және түсінікті, мағыналық құрылымы сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген;	Диссертация өзектілігінің негіздемесі пәнаралық байланыста 5-7 сынып оқушыларының тарихты оқу барысында цифрлық технологияларды ұтымды пайдалану жолдары көрсетілген. Диссертациялық

	3) негізделмеген.	жұмыс Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуіне байланысты туындаған тарихи-педагогикалық білім берудің модернизациясы мен болашақ мамандарды дайындау талаптарының стандарттарына сәйкес мамандардың бәсекеге қабілеттілігі мен дайындау сапасын арттырудың өзектілігіне негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттері көрсетілген. Ізденушінің «Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы тарих, тарихты оқыту әдістемесі, педагогика тарихы саласында өзіндік үлесі бар, ғылыми тілде жазылған дербес жұмыс.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, ұсынылған материалдар қойылған мақсат, міндеттерін айқындайды.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ;	«Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері, зерттеу жұмысының барлық бөлімдері,

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>құрылымы қисынды, логикалық жағынан толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>		<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. 5-7 сынып оқушыларының цифрлық технологияларды қолдануы мен пайдалануы теориялық және практикалық негіздерін айқындауда «цифрлық технология» ұғымының нақтылануы толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация жұмысының қорытындылары жаңа. Себебі, зерттеу жұмысында ұсынылған педагогикалық, психологиялық теорияларға тұжырым жасауы толығымен жаңа болып табылады. Диссертанттың жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу түрінде ұсынылған.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Ізденушінің зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмыс барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша).</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.</p> <p>Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызының диссертациялық жұмысының барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан айтарлықтай дәлелді және негізделген.</p>
	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p>	<p>Қорғауға ұсынылған 4 тұжырым ғылыми негізделіп, логикалық жүйемен сұрыпталып, дәйектелген. Яғни:</p> <p>7.1 Әр тұжырым нақты дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ізденушінің қол жеткізген қорытындыларының жаңалық дәрежесі келесідей:</p> <p>1-ші <i>ғылыми нәтиже - жаңа</i>. Зерттеу жұмысының әлемдік және отандық тәжірибе негізінде білім берудегі тарихты оқытудағы цифрлық технологиялардың тарихи дамуының негізгі жетекші тенденциялары, ерекшеліктері анықталған. Зерттеу</p>

		<p>1) <u>ия</u>;  2) <u>жоқ</u>  7.4 Қолдану деңгейі:  1) <u>тар</u>;  2) <u>орташа</u>;  3) <u>кең</u>  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>ия</u>;  2) <u>жоқ</u></p>	<p>барысында талдау, салыстыру арқылы өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізе білген. Тривиалды емес, жаңа білімді ұсынады.  2-ші <i>ғылыми нәтиже</i> – жаңа. Тарихты оқыту тәжірибесімен байланысты пәнаралық және танымдық қағидаларды оқушыларға қалыптастыруға арналған тапсырмалар жүйесімен қамтамасыз етіледі.  3-ші <i>ғылыми нәтиже</i> – жаңа. Цифрлық технологиялар негізінде тарих бойынша құрастырылған компьютерлік эксперименттік бағдарлама құрастырылып, онымен жұмыс жасаудың әдістемесі «Сандық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері». «Қазақ тарихы» журналы// «Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе» бөлімі, №2 (179). – Алматы: 2020. Б.69-71 (Қырғызхан Г.А., 100%) мақаласында көрініс тапқан.  4-ші <i>ғылыми нәтиже</i> – жаңа. Процесте құрылған цифрлық технологиялардың тиімділігі тексеріліп, мұғалімдердің цифрлық технологияны меңгеруін қалыптастырудың компоненттері, көрсеткіштері, мазмұны мен әдістері, құралдары, диагностикалық әдістемелері, деңгейлері «Сандық білім құралдарының оқыту жүйесіндегі маңызы». Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы-Вестник», «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (64). – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2020. Б.420-423 мақаласында айқындалған.  7.4 Зерттеу жұмысының ұстанымдарының қолдану</p>
--	--	---	---

деңгейі кең. Теориялық және практикалық тұрғыда гуманитарлық ізденістерде сүйенуге болады.

7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары мен қорытындылары қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми мақалаларда ұсынылған. Соның ішінде 1- еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда:

1. Historical Forms of Development of the Scientific Environment in Modern History Astra. Salvensis. - 2021. Vol. 52. Is. 1. pp. 337-350. E-ISSN: 2393-4727. <https://astrasalvensis.eu/> (Kyrgyzkhan G.70 %) (G.Balakhmetova, G.Muratkazin, M.Manapbaev, N.Assymova, D., 30%).

Халықаралық конференцияның жинақтарында жарық көрген мақалалар тізімі:

1. Орта білім беретін мекемелерде тарихты оқыту әдістемесі. Халықаралық ғылыми- практикалық конференция «Global science and innovations 2019: Central Asia», Астана қаласы, Қазақстан, Б. 9-11 (Қырғызхан Г.А. 70%), (Рүстем К.М. 30%);

2. Роль и основные функций современного педагога. «Ұлы даланың жаңа тынысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы, - Шымкент: 2019. Б.20-23 (Қырғызхан Г.А.100 %);

3. Тарихты оқыту үдерісі: мультимедиялық құралдарды қолданудың оқу-әдістемелік негізі. Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, «Қазіргі тарих ғылымы: өлкетану,

			аймақтық және локальді тарих мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, -Алматы: 2021. Б.265-269 (Қырғызхан Г.А. 80%), (Асымова Д.Б. 20%).
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың жүйелілік, іс-әрекеттік және бірізділік, оқытудың сабақтастығы, теория мен практиканың бірлігі болып табылады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық	Теориялық қорытындылар Алматы қаласы Білім басқармасына қарасты №37 жалпы орта білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 5-7 сыныптарында 50 оқушы мен №46 мектеп гимназия мен №55 жалпы орта білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 5-7 сыныптарында 49 оқушы сына жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен



	эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	дәлелденген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда тарих мұғалімдерінің цифрлық технологияларды қолдану мәселесіне қатысты психологиялық, педагогикалық еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, шет елдік ғылыми еңбектер, оқулықтар энциклопедиялар Scopus деректер қорына енетін журналдар, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі шолуға жеткілікті, 246 әдебиетке шолу жасалынған.
Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның теориялық маңызы бар, нақты айтқанда: зерттеуге маңызды компоненттер, өлшемдер, көрсеткіш деңгейлері толығымен анықталған.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы бар: пәнаралық байланыста тарих пәніне деген қызушылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар жүйесі анықталған. Алынған практикалық нәтижелерді жалпы білім беретін орта мектептің білім беру үдерісінде қолдану мүмкіндігі жоғары.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Зерттеу нәтижесінің практикалық маңызы: тарих пәнінің мұғалімін даярлау үдерісін оңтайландыруға, жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге пайдалануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Ізденушінің академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысында техникалық, стилистикалық, орфографиялық қателері жоқ. Ұсыныс ретінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- құрылымы бойынша айтқанда, екінші тараудағы 3 параграфты жеке бөлмей, 2-ші параграфқа қосқан дұрысырақ болар еді;</li> <li>- жұмыстың мәтінінде саяси оқиғаларға детальды тоқталған. Олардың жұмыстың зерттеу объектісіне тікелей байланысы жоқ болғандықтан мәтіннен алып тастауға болады.</li> </ul> <p>Қырғызхан Гүлбаршын Азисқызының «Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы талаптарға сай орындалған.</p>

**Шешімі:** Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, жалпы зерттеу жұмысы, өзіндік тың тақырыпқа жазылған және алдына қойған негізгі мақсатына жеткендіктен қорғауға жіберуге болады деген пікірдемін. Сол себепті, докторант

Қыргызхан Гүлбаршын Азисқызына «6D011400/8D01601 – Тарих» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

Ресми рецензент,  
Мемлекет тарихы институты  
Ғылыми-ақпарат бөлімінің басшысы,  
педагогика ғылымдарының кандидаты  
маусым 2022 жыл.

  Ж.Н. Қалиев